

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ. ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ
ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ
ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ**

**ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВО. ПЛАНИРОВКА И
ЗАСТРОЙКА ГОРОДСКИХ И СЕЛЬСКИХ
НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ**

**ҚР ҚН 3.01-01-2013
СН РК 3.01-01-2013**

**Ресми басылым
Издание официальное**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ЗЦ АТСЭ» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ЗЦ АТСЭ»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 05.03.2018 жылғы №45-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан №45-НҚ от 05.03.2018 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала Құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатыңыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР	2
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАР	4
4 МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТТІК ТАЛАПТАР	7
4.1 Мақсаты нормативтік талаптар.....	7
4.2 Функционалдық талаптар.....	7
5 ҚАЛАЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ ЕЛДІМЕКЕН ТЕРРИТОРИЯЛАРЫН ЖАЛПЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАЛАПТАРЫ	9
5.1 Жалпы талаптар	9
5.2 Қала құрылысы ретінде елдімекен территорияларының кешенді реконструкциясы	14
6 ТҰРҒЫНЖАЙ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-ІСКЕРЛІК АЙМАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТАЛАПТАРЫ	17
6.1 Тұрғынжай аймағы	17
6.2 Қоғамдық-іскерлік аймақ	19
6.3 Тұрғынжай және қоғамдық-іскерлік аймақтарды салу өлшемдері	19
7 ӨНДІРІСТІК АЙМАҚТАР, ТРАНСПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ АЙМАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТАЛАПТАР	21
8 АРНАЙЫ ҚОРҒАУ ТЕРРИТОРИЯЛАРЫ ЖӘНЕ РЕКРАЦИЯЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ АЙМАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТАЛАПТАР	23
9 ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ КУРОРТТЫ АЙМАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ТАЛАПТАР.	24
10 ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ӨНДІРІСТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ТАЛАПТАР	24
11 КӨЛІК ҚАТЫНАСТАРЫ ИНФРАСТРУКТУРАСЫ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ ТАЛАПТАР.....	25
11.1 Негізгі талаптар	25
11.2 Сыртқы және қала маңы транспорты	26
11.3 Жерлікті тұрғындар пункттеріндегі көше жерілері.....	27
11.4 Жаяу жүргіншілер жолы	27
11.5 Маршрутты жолаушылық транспорт	28
11.6 Сақтау және көлік құралдарының қызмет етуі үшін құрылым, ғимарат және құрылығы.....	29
12 ИНЖЕНЕРЛІК ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚҚА ТАЛАПТАР.....	29
12.1 Негізгі талаптар	29
12.2 Сумен қамтамасыз ету және су жүргізу	30
12.3 Жауын кәріз жүйесі.....	31
12.4 Санитарлық тазарту	31
12.5 Жылумен қамтамасыз ету	32
12.6 Жылу жүйелері	32
12.7 Суықпен жабдықтау.....	33
12.8 Газбен жабдықтау.....	33
12.9 Электрмен жабдықтау және байланыс құралдары	33
12.10 Инженерлік желілерді орналастыру.....	33
13 ИНЖЕНЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚ ПЕН АУМАҚТЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР.....	34
14 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	35

ҚР ҚН 3.01-01-2013

14.1 Жалпы талаптар	35
14.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қорғау.....	35
14.3 Атмосфералық ауаны, жер үсті және жерасты суларды және жер қойнауын ластанудан қорғау.....	38
14.4 Шудан, дірілден, электр және магниттік сәулелерден сақтау	40
14.5 Микроклиматты жақсарту	41
15 ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ТАЛАПТАР	42
16 ӨРТКЕ ҚАРСЫ ТАЛАПТАР.....	42
БИБЛИОГРАФИЯ	50

КІРІСПЕ

Бұл құрылыс нормалары «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңға», қалалық және ауылдық елдімекендерді жоспарлауды, салуды реттейтін құқықтық-нормативтік және техникалық актілерге сәйкес жасалған.

Осы мемлекеттік нормативтің негізгі бағыты- әлеуметтік инфрақұрылымы бар, өз тұрғындарына мемлекеттік стандарттарға сәйкес қызмет көрсететін, қала құрылысын жоспарлаудың жаңа принциптеріне сүйенген, қауіпсіздік пен ыңғайлылықты, тиімділікті қамтамасыз ететін жаңа сапалы типтегі қалалық және ауылдық елдімекендер территориясын тұрақты дамыту.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ. ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ
ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ**

**ПЛАНИРОВКА И ЗАСТРОЙКА ГОРОДСКИХ И
СЕЛЬСКИХ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ**

Енгізілген күні - 2015-07-01

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыс нормалары нормативті талаптардың мақсатын айқындайды, Қазақстан Республикасындағы қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салуға арналған қызметтік талаптарды қалыптастырады, нормативті талаптардың мақсатын айқындайды.

1.2 Осы нормалар жаңадан салынатын және қайта жаңғыртылатын қалалық және ауылдық елді мекендерге қатысты, сондай-ақ оларды жоспарлауға және салуға қатысты жалпы талаптарды белгілейді. Бұл талаптар аймақтық және жергілікті қала құрылысын жобалау нормативтеріне сәйкес нақтыланады.

1.3 Осы құрылыс нормаларының талаптары қолданысқа енген уақыттан бастап, өмір сүру ортасы мен жылжымайтын мүлікті, оның территориясын өзгеріске әкелетін қайта жасалып жатқан қала құрылысын жобалау құжаттарына қойылады.

1.4 Осы құрылыс нормалары қала және ауылдық елді мекендер құрылысын жоспарлау, салуға қатысты тұрғындардың денсаулығын қорғау, техногенді факторлардың әсерінен қоршаған ортаны сақтау, Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген, аз мөлшерде жұмылдырылған тұрғындары қосқанда, азаматтардың әлеуметтік кепілдемелерін жүзеге асыру, оларды әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету, инженерлік және транспорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етіп, өмір сүру жағдайларын жақсартатын жалпы және міндетті талаптарды айқындайды.

1.5 Бұл мемлекеттік норматив Қазақстан Республикасының бүкіл территориясында, қалалық және ауылдық елді мекендерде құрылыс салуды жоспарлауда, салуда жұмыс істеушілердің меншік түрлері мен мекемелердің, ұйымдардың ведомствалық ерекшеліктеріне қарамастан қызмет етеді.

1.6 Экономикалық маңызы бар нысандар жанындағы және емдеу мақсатындағы мекендерде орналасқан кенттерді кішкентай қалалар немесе сондай мөлшерде тұрғындары бар елді мекендер нормасына сәйкес жобалау қажет.

Қаладан тыс жерлерде орналасқан өндірістер мен басқа да нысандар жанындағы кент статусы жоқ елді мекендерді жобалауда ауылдық немесе сондай мөлшерде тұрғындары бар елді мекендерге қойылатын міндеттер оларға сәйкес ведомствалардың талабын ескере отырып қойылады.

Ресми басылым

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл құрылыс нормаларын қолдану үшін төмендегі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалу керек:

Қазақстан Республикасының Су кодексі № 481-ІІ 9 маусым 2003ж.

Қазақстан Республикасының Жер кодексі № 442-ІІ ЗРК 20 маусым 2003ж.

Қазақстан Республикасының Орман кодексі № 477-ІІ 8 маусым 2003ж.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі № 212-І 9 қаңтар 2007ж.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне арналған жалпы талаптар» техникалық регламент № 14 16 қаңтар 2009ж.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылымдарды, құрылыс материалдарының қауіпсіздігіне арналған талаптар» техникалық регламенті № 1202 17 қараша 2010ж.

ҚР ҚНЖЕ 1.02-01-2007* Өндіріс құрылыстары, ғимараттары мен құрылымдарын жобалау құжаттарын жасау, келісу, бекіту тәртібіне арналған нұсқаулық.

ҚР ҚНЖЕ 2.02-05-2009* Ғимараттар мен құрылыстардың өртке қарсы қауіпсіздігі.

ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2010 Құрлыстық климаттану.

ҚР ҚНЖЕ 2.04.03-85 Кәріз. Құрылыстың сыртқы жүйелері ҚР ҚНЖЕ 2.05.03-84* Көпірлер мен трубалар.

ҚР ҚНЖЕ 2.05.09-90 Трамвай мен троллейбус жолдары.

ҚР ҚНЖЕ 2.05.13-90 Қала мен елдімекен территориялары арқылы өтетін мұнай өткізу трубалары.

ҚР ҚНЖЕ 3.02-21-2004* Бөлшек сауда өндірісі.

ҚР ҚНЖЕ 3.02-27-2004 Бір пәтерлі тұрғын үйлер.

ҚР ҚНЖЕ 3.03-03-2001 Аэродромдар.

ҚР ҚНЖЕ 3.03-09-2006* Автомобиль жолдары.

ҚР ҚНЖЕ 3.04-01-2008 Гидротехникалық құрылыстар. Жобалаудың негізгі ережелері.

ҚР ҚНЖЕ 3.05-01-2010 Магистральды трубалар.

ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2009 Сумен жабдықтау. Сыртқы жүйелер мен құрылыстар.

ҚР ҚНЖЕ 4.02-08-2003 Қазандық құрылыстар.

ҚР ҚН 2.03-02-2012 Су басқан және судың деңгейі көтерілген аймақтардағы инженерлік қорғау.

ҚР ҚН 3.01-02-2012 Жеке тұрғын құрылыс салу аудандарын жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 3.01-00-2011 Қала құрылысы жобаларын жасау, келісу мен бекіту тәртібіне арналған нұсқаулық.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚН 2.03-01-2011 Аймақтарда және отырмалы топырақтарда орналасқан ғимараттар мен имараттар.

ҚР ҚН 2.04-02-2011 Шудан қорғау.

ҚР ҚН 3.01-03-2011 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бас жоспарлары.

ҚР ҚН 3.02-01-2007 Интернат ұйымдарының ғимараттары.

ҚР ҚН 3.02-01-2011 Көп пәтерлі тұрғын ғимараттар.

ҚР ҚН 3.02-11-2011 Жалпы білім беру мекемелері.

ҚР ҚН 3.02-15-2003 Технологиялық жобалау нормалары. Мұнай және мұнай өнімдері қоймалары.

ҚР ҚН 3.03-07-2012 Технологиялық жобалау. Стационарлық типтегі автожанармай станциялары.

ҚР ҚН 4.02-09-2002 Жұқа қабықты мырышпен оралған құрышты пенополиуретанды индустриалды жылу бөлетін трубаларды жобалау нұсқаулығы .

ҚР ҚН 4.04-23-2004 Тұрғынжай және қоғамдық ғимараттарды электрмен қамтамасыз ету. Жобалау нормалары.

ХҚН 2.02-05-2000* Автомобиль тұрақтары.

ХҚН 3.02-05-2003 Аз көлемде жұмылдырылған тұрғындар тобына қажетті құрылыстар мен ғимараттардың қолжетімділігі.

ХҚН 4.02-02-2004* Жылу жүйелері.

ХҚН МСН 4.03-01-2003 газ тарату жүйелері.

ЕСКЕРТУ Осы мемлекеттік нормативті қолдану барысында сілтеме жасалған құжаттардың қолданылу мерзімі мен өзгертілген уақыттарын қадағалап, соңғы шыққан өзгерістерін қолданған жөн. Сонымен қатар ай сайын шығатын мекемелік бюллетендердің соңғы жылғысы мен соңғы айғы номерлерінің заңдық негізі болады.

Егер сілтеме жасалған құжаттың жаңа варианты шықса, сол соңғы өзгертілген нұсқасы қолданылады.

Егер сілтеме жасалған құжат басқасымен өзгертілмей, жойылған жағдайда, онда сілтеме жасалған ереженің осы сілтемеге қатыссыз бөлімі қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылыс стандартын қолдану үшін төмендегі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалынуы қажет:

3.1 **Автотұрақ** (автомобильдерге арналған тұрақ): Автомобильдерді сақтауға (тұрғызуға) арналған ғимарат (немесе ғимараттың бір бөлігі) немесе арнайы ашық алаң.

3.2 **Әкімшілік-жоспарлау ауданы**: Қаланың әкімшілік-территориялық бөлінісі-өзара қызметтік байланысы және ортақ жобалау құрылымы бар қала территориясының бір бөлігі.

2.3 **Көшеден тыс аумақ**: Қызыл сызықтан асқан құрылыс шегіне дейінгі аумақ.

2.4 **Гараждық кешендер**: Автосервиспен немесе автомобильдердің қосалқы бөлшектерін сатумен байланысты, техникалық және басқа да түрлі қызметтер көрсететін, автомобильдерді қоятын немесе сақтайтын ғимараттар не ғимараттар тобы. Гараждық кешендерде шағын көлемді май құю бекеттері орналасуы мүмкін. Сонымен қатар гараждық кешен басқа да қызметтік мақсаттағы нысандармен(білім беру, емдеу, балалар мекемелерінен басқа) толықтырылады.

2.5 **Қонақтар тұрағы**: Тұрғынжай құрылысына келген қонақтардың жеңіл автокөлітеріне арналған тұрақ.

2.6 **Қала құрылысы қызметтік аймағы**: белгілі шекарасы бар, қала құрылысының регламентін, өмір сүрудің әлеуметтік-кепілділік жағдайларын қамтамасыз ететін нормалар

ҚР ҚН 3.01-01-2013

мен құқықтарды сақтаған, бүтін жобалық құрылымы бар қала территориясының бір бөлігі.

3.7 Жалпықалалық сәулет-жоспарлық сызықтар аймағы: Негізгі қоғамдық орталықтарды, қызметтік және аймақ дамуының негізгі бағыттарын анықтайтын аумақтарды байланыстыратын елдімекен территориясының қала құрылысына арналған құрылымдық бөлігі.

3.8 Территорияларды интенсивті пайдалану (құрылыстардың интенсивтілігі): Ғимараттар мен құрылыстардың жалпы өлшемдері,

3.9 Территорияларды пайдалану жиілігі (құрылыс салу жиілігі): Территориялардың нормативті өлшемдері, құрылыс салу коэффициенттері, құрылыс тығыздылығы көрсеткіштері көрсетілген қаланың бас жоспарында бекітілген қала құрылысын салудың мақсаттылығына сәйкес табиғи ландшафт пен ғимараттар мен құрылыстардың жалпы өлшемдері.

3.10 Жекелеген құрылыс салу: Кейбір типологиялық сипаттамаларға сәйкес осы категорияға жатқызылатын нысандар (жекелеген азаматтар мен құрылыс мекемелерінің қаражатына коммерциялық немесе коммерциялық емес мақсатта салған ғимараттар, құрылыстар немесе инженерлік қызметті қамтамасыз ететін жүйелер). Бұған төмендегі категориялар жатады:

- жекелеген, бөлекше тұрған, қоршалған тұрғын үйлер;
- үй иелерінің жекелеген қызмет түрімен айналысуына байланысты жеке тұрғын үйлеріне қосып салған қоғамдық мақсаттағы жайлар*;
- жекелеген қызмет түрін жүзеге асыру мақсатындағы инженерлік қамтамасыз ететін элементтері бар өндіріс нысандары.

* Қоғамдық немесе басқа да мақсаттағы иесінің жекелеген қызмет түріне қатысты оның тұрғынжайына қосылып салынған нысандарға дүкендер, кафелер, видеозалдар, би залдары, мұражай немесе көрме залдары, жеке кітапханалар, ақпараттық орталықтар, шығармашылық студиялары мен шеберханалары, жергілікті ұсталардың шеберханалары, тренажер залдары, кіші спорт залдар, кіші бассейндер, сауналар мен массаж жасайтын орындар кометалогиялық, дәрігерлік кабинеттер, шаштараздар және тағы да басқа өртке қарсы қауіпсіздік шаралары, санитарлық, экологиялық т.б. талаптарды бұзбайтын, заңға қайшы әрекет етпейтін, тұрғынжайлар мен олардың территорияларында болуына тыйым салынбаған орындар жатады.

3.11 Инженерлік нифракұрылым: Тұрғындардың өмір сүруіне қажетті барлық ресурстарды қамтамасыз ететін инженерлік коммуникациялар (жүйелер, нысандар мен құрылыстар) мен қоршаған ортаның экологиялық сипатын жақсартатын жүйелер жиынтығы.

3.12 Тарихи аудан: Елдімекен территориясында сақталған тарихи-мәдени құндылығы бар жылжымайтын мүлік немесе оның бір бөлігі, үзiгi, жоспарлы құрылымы, табиғат ландшафтының бөлшегі.

3.13 Квартал: Көше-жол жүйелерінің қызыл сызығы арқылы шектелген көшеаралық территория.

3.14 Кластер: Жеке өндірістік немесе қызмет көрсету фирмаларының, технологиялар мен ноу-хау құрастырушылардың, нарық институттары мен тұтынушаларды байланыстыратын, бағаны қоюда бірлесе жұмыс жасайтын ерікті бірлестіктер жүйесі.

3.15 Қала құрылысын кешенді қайта жаңғырту: Елдімекеннің барлық территориясында ондағы өмір сүру салты мен құрылымдық-жоспарлы элементтерін

жақсартуға бағытталған функциональды және сәулет-жобалық келбетін түбегейлі жаңғыртуға алып келетін өзгерісі.

3.16 Коттедж құрылыстары: Белсенді ауылшаруашылығы қызметімен айналысуға арналмаған, жекеше тұрған, бір пәтерлі 1,2,3 қабатты, 800 м²-ден артық жер көлемі бар бөлекше тұрған тұрғынжайлар аймағы.

3.17 Құрылыс салу коэффициенті: Құрылыс салынып жатқан территорияның сыртқы қабырғаларының сол жер тілімінің ауданына қатынасы.

3.18 Аз қабатты тұрғынжай: Аз қабатты тұрғын үй ғимараты, аз қабатты үй немесе жер телімі, басқа да қосымша құрылыстары бар олардың тобы. Бір ғана отбасы бар аз қабатты тұрғынжай иелік деп аталады.

3.19 Аз қабатты тұрғын үй: Тұрақты тұуға арналған төменгі қабаты мен мансарды бар үш қабаттан биік емес жобаланған немесе аяқталған құрылыс ғимараты. Аз қабатты тұрғын үй бір пәтерлі немесе көп пәтерлі болуы мүмкін.

3.20 Аз қабатты үй: Жабдықталған және қолданыстағы аз қабатты тұрғын үй ғимараты.

3.21 Морфотиптер: Қаланың эволюциялық дамуындағы әртүрлі кезеңдерде салынған құрылыстар типтері.

3.22 Сыртқы (визуальды) жарнама: Жылжитын және жылжымайтын нысандарда орналастырылған, сонымен қатар автокөлік жолдардың жиегінде, елдімекендердегі ғимараттардан тыс жерлерге орнатылған жарнама.

3.23 Ерекше қорғалатын табиғат территориясы: Арнайы қорғау режимі орнатылған мемлекеттік нысанның табиғи-қорықтық қоры мен табиғат кешендеріндегі жер телімдері, су нысандары, әуе кеңістігі.

3.24 Автокөліктер тұрағы: Түрлі қызметтік бағыттағы нысандарға келушілердің автотранспорттық құралдары уақытша тұратын тұрақ.

3.25 Аралық аймақ: Елдімекеннің орталық белдеуі мен оның шекарасы аралығындағы аймақ.

3.26 Елдімекеннің жоспарлы каркасы: Урбанизацияланған және табиғи сызықтар арқылы қалыптасқан негізгі коммуникациялық және жоспарлық құрылымын жүзеге асыратын, материалдық ортаның жоспарлы элементтерін байланыстыруша басты жүйесі.

3.27 Елдімекеннің жоспарлы құрылымы: Елдімекен мен қала маңы аймағы тұрғындарының негізгі өмір сүру қызметтерінің жүзеге асуын анықтайтын жоспарлы элементтердің ішкі өзара байланысы және құрылысы.

3.28 Құрылыс тығыздылығы: Территория бірлігі (мың.м²/га) мен ондағы көше-жол жүйелерінің ұзындығына(п.км/га) қатысты ғимараттың жер үстіндегі құрылыс қабаттары мен сыртқы қабырға габариттерінің қосындысы.

3.29 Тұрғынжай құрылысының тығыздылығы: Тұрғын үйдің жер үстіндегі қабаттары ауданы мен сыртқы қабырғалары габариттеріндегі тұрғын үй территориясына(мың.м²/га) сәйкес аралас құрылысы бар тұрғынжайға жатпайтын құрылыстардың қосындысы.

3.30 Күрежол жанындағы территория: Жалпы қалалық күрежолдарға жақын, оларды қала орталығымен байланыстыратын қала көшелерінің қызыл сызығынан 50 м-ден

ҚР ҚН 3.01-01-2013

артық емес күрежол жанындағы нысандардың жер телімдерінің жалпақтығы мен тереңдігіне сәйкес территория.

3.31 Арнай қорғалатын табиғат территорияларының табиғи кешендері: Арнайы қорғауға жататын биологиялық түрлер мен өлі табиғат нысандарының жиынтығы.

3.32 Рампалық өткелдер: көп қабатты тұрақ жағдайындағы автокөліктер өтуге арналған арнайы еңкейтілген құрылыс.

3.33 Сервитут: Міндеткерлік-бөтен біреудің мүлкін белгілі бір шекте заңмен немесе шартпен бекітілген пайдалану құқығы (мысалы біреуге тиесілі жер телімі арқылы жүріп өту немесе көлікпен өту құқығы) немесе біреудің меншік құқықтарын шектеу (мысалы көрші телімге көлеңке түсіруі мүмкін құрылыстарды салуға тыйым салу; әкімшілік сервитут жеке меншіктегі жер телімдерінде инфрақұрылымдық желілерді тартуға мемлекеттің құқығы болып табылады).

3.34 Көгалдандырылған территориялар жүйесі: Жоспарлауды ұйымдастыру мен қызметтік өзара байланысы бар, арнайы мақсаттағы, шектеулі қолданыстағы немесе жалпы қолданыстағы көгалдандырылған территория.

3.35 Қабысу территориясы: Көшенің құрылыс аймағы мен қызметтік мақсаттағы басқа да территорияларды (тұрғын, қоғамдық, рекреациялық), өндіріс аймағын бөліп тұрған территория.

3.36 Қабатаралық аудандар қосындысы: Ғимараттың жер үстіндегі бүкіл тұрғынджайлары аудандарының қосындысы.

3.37 Өмір сүрудің әлеуметтік-кепілдік шарттары: Қазіргі заманғы әлеуметтік, гигиеналық, қала құрылысы талаптарына сәйкес қалалық ортаның жағдайы. Бұл шарттарға қала құрылыс нормаларының нысандарын жоспарлау параметрлерін сақтау арқылы қол жеткізеді

3.38 Усадьбалық (иелік) құрылыс: Бір немесе екі пәтерлі аз қабатты шаруашылық мақсатындағы қосымша құрылыстары, бау-бақшалық жері бар, қажетті жағдайда құс, мал өсіруге рұқсат етілген территория.

3.39 Транспорттық инфрақұрылым: Қала ішіне, сыртына, қала маңына бағытталған, оларды байланыстыратын, жолаушылар және жүк тасымалдайтын транспорттарға арналған ғимараттар мен коммуникациялар жүйесінің жиынтығы.

3.40 Қызметтік аймақ: Мақсатты функциональды пайдалану мен перспективалы дамыту жағдайларына қатысты елдімекен территориясы бөліктерінің жиынтығы.

3.41 Автокөліктерді сақтау: Автокөліктердің тіркелу орнына қарай тұрақты тұрғындарға тиісті автотранспорттардың орналастырылуы.

3.42 Орталық бөлік: Елдімекеннің оның орталық бөлігінде орналасқан жері.

4 МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТТІК ТАЛАПТАРЫ

4.1 Мақсаты

Осы құрылыс нормаларының мақсаты – қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау мен құрылысына арналған негізделген міндетті жалпы талаптарды орындауға

тіршілік әрекет жағдайын қамтамасыз ету, техногенді факторлардың әсерінен халықтың денсаулығын сақтау мен қоршаған табиғи ортаны қорғау, сондай ақ Қазақстан Республикасы заңдарымен орнатылған жағдайды жасау, халықтың кіші мобильді топтарын қоса азаматтарды әлеуметтік кепілдендіру, әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін ғимараттармен қамтамасыз ету, абаттанған инженерлік және транспорттық инфраструктура болып табылады.

4.2 Қызметтік талаптар

4.2.1 Гигиена талаптары, адам өмірін қорғау, қоршаған ортаны сақтау охраны окружающей среды

4.2.1.1 Елді мекендерді жоспарлау мен салу кезінде өмір тіршілік қауіпсіздігі шараларын сақтау қажет. Қауіпсіздік факторлары халықаралық құжаттар арқылы реттеліп, оған экономикалық, демографиялық, экологиялық қауіпсіздіктер критерийлерін, төтенше жағдайларды болғызбау және сол елдімекендерде лайықты, қауіпсіз өмір сүру шаралары кіреді.

4.2.1.2 Қалалық және ауылдық елдімекендерді көшіру, жобалау, құрылыс жұмыстарын жүргізу, оларды пайдалану табиғат-климаттық, санитарлы-гигиеналық талаптарды сақтау, қоршаған ортаны қорғау, адам денсаулығы мен гигиенасын сақтау, өрт қауіпсіздігін болдырмау және елдімекендер мен олардың аралығындағы жерлердің тұрақты дамуын бұзбай жүзеге асуы тиіс.

4.2.1.3 Тұрғылықты ортаны қалыптастыру кешенді түрде жүзеге асып, адамның баспана мен оны қоршаған ортаны абаттандыруға деген әртүрлі қажеттіліктерін өтеп, қалалық және ауылдық елдімекендердің санитарлы-техникалық деңгейін көтеру қажет.

4.2.1.4 Тұрғындардың жұмысқа, мәдени-әлеуметтік нысандарға, демалыс орындарына транспорттық құралдар арқылы бара алу мүмкіндігі ескеріліп, территория қауіпсіздігі, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды мейлінше болдырмайтындай жағдай жасап, жеке және қоғамдық транспортты пайдалану кезінде ыңғайлы жағдай жасалуы керек.

4.2.1.5 Елдімекен территориясы адамға және оның территориясындағы табиғат кешендеріне инфрақұрылымның зиянды әсері (транспорт, өндіріс, жылуэнергетикасы, коммуналдық шаруашылық) тиетін аймақ ретінде қаралуы тиіс.

Елдімекен территориясы мен оны қоршаған табиғат аймағын тиімді пайдалануға қойылатын қала құрылысын салу талаптары мен жекелеген объектілердің элементтерін құрылымдық жоспарлауда төмендегідей мәселелер ескерілуі тиіс:

- Қоршаған ортаға әсер ету деңгейі;
- Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі талаптарына сәйкес жоспарланған қызметтер сәйкестігі;
- Қоршаған ортаны қорғау шараларына қатысты қала құрылысы жобаларының негізділігі мен қолжетімділігі.

4.2.1.6 Қала құрылысын салу жобасындағы жоспарланған шаруашылық қызметінің қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ) және тұрғындарды оның зиянды әсерінен қорғау

ҚР ҚН 3.01-01-2013

шаралары Қазақстан Республикасының табиғатты қорғауға арналған заңнамалары негізінде жүзеге асуы керек.

4.2.1.7 Ғимарттардың энерготиімділігін жоғарылататын, ішкі микроклиматтың сапасын арттыратын және инновациялық дизайндағы құрылыстың халықаралық «жасыл стандарттарын» енгізу қажет.

4.2.2 Өрт қауіпсіздігі талаптары

4.2.2.1 Қалалық және ауылдық елдімекендерде құрылыс салуды жоспарлау мен құрылыс жұмыстарын жүргізуде өрт қауіпсіздігі саласындағы Техникалық регламентке сәйкес талаптар мен міндеттер қатаң сақталуы қажет, төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары мен оларды болдырмау әрекеттері жасалуы тиіс.

4.2.2.2 Ғимараттар мен құрылыстар өрт болу мүмкіндігі ескеріліп, сондай жағдай болған кезде өрттің көршілес ғимараттарға қолайсыз табиғат жағдайлары кезінде жайылмау жолдары ескеріліп салынуы керек.

4.2.2.3 Қалалық және ауылдық елдімекендерде құрылыс салуды жоспарлау мен құрылыс жұмыстарын жүргізуде жан-жақтан өрт сөндіру машиналары, техникалары құтқару құралдары, медициналық көмек кедергісіз өтетіндей кіреберіс және жолдар болуы қажет.

4.2.3 Күтпеген жағдайлардан қорғау талаптары және пайдалануға қолжетімділік

4.2.3.1 Қалалық және ауылдық елдімекендерде құрылыс салуды жоспарлау мен құрылыс жұмыстарын жүргізуде болуы мүмкін күтпеген жағдайларды минимумға жеткізу, адамдарға жарақат салмау, жаяу жүргіншілердің қозғалысы кезінде, әсіресе, жас балалар мен қарт кісілердің өміріне қауіп төндірмеу шаралары қатаң сақталып, транспорт құралдарының еркін қозғалысына кедергі келтірмейтін жағдай жасалуы тиіс.

4.2.3.2 Қала құрылысын жүргізу құжаттарын жасауда аз жұмылдырылған тұрғындар тобына әлеуметтік және басқа да мақсаттағы нысандарға кедергісіз жету жағдайлары ескерілуі қажет.

5 ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ЕЛДІМЕКЕН ТЕРРИТОРИЯЛАРЫН ЖЫЛПЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ДАМУЫҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Жалпы талаптар

5.1.1 Қалалық және ауылдық елдімекендерді жобалау Қазақстан Республикасының сәулет, құрылыс, қала салуға арналған заңнамасы негізінде жасалынуы қажет [1].

Қалалық және ауылдық елдімекендерді жоспарлауда Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілері мен нормативті-техникалық құжаттары негізге алынады.

5.1.2 Халықты орналастыру жүйесінің бір бөлігі ретіндегі қалалық және ауылдық елдімекендер жобасында нақтылы территорияны пайдалануда адамның өмір сүруіне

қолайлы жағдай жасайтын әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және тағы да басқа факторлар ескерілуі тиіс.

5.1.3 Қалалық және ауылдық елдімекендердің жобасын жоспарлауда бекітілген мерзімге сәйкес қала құрылысын дамытуда перспективалы әрі рационалды талаптарды ескеру қажет. Бұл үшін төмендегідей принципалды шешімдер керек:

- аймақтық даму;
- қала құрылысын салу аймағын анықтау;
- жоспарлау құрылымы;
- инженерлі-транспорттық инфрақұрылым;
- табиғат ресурстарын тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау.

5.1.4 Барлық типтегі елдімекен тұрғындарының перспективадағы санын олардың демографиялық, табиғи және механикалық өсімдеріне (не азаюы) қарай көші-қон мәселесі мен әлеуметтік-экономикалық, территориялық және ресурстық даму перспективаларын ескеріп анықтау керек.

Ауылдық елдімекендердің даму перспективасы қала құрылысын салуды жобалаудың комплексті сызбасы негізінде сол аудандар территориясында агроөндірістік кешеннің, ауыл шаруашылығы өндірісі мен ұйымдардың, мекемелердің қалыптасуын ескере отырып жасалады. Егер қала құрылысын салуды жоспарлаудың кешенді сызбасы болмаса-жобалаудың тапсырмалары негізге алынады.

5.1.5 Қалалық және ауылдық елдімекендерді дамытуға арналған территорияны қала құрылысын салуда оның сәулет-жобалық шешімдерін, технико-экономикалық, санитарлы-эпидемиологиялық көрсеткіштерін, жылу-энергетикалық, су, территориялық ресурстарын, қоршаған ортаның жағдайын және тағы да басқа табиғат құбылыстарының өзгеруін тиімді пайдалануды есепке ала отырып таңдау қажет. Сонымен қатар қоршаған ортаға әсер етудің ең шекетулі жүктемелерін, территориялық және табиғи ресурстарды тұрғындардың өміріне қалыпты жағдай жасау мақсатында тиімді пайдалану, қоршаған ортаның табиғатына өзгеріс алып келетін табиғи экологиялық жүйені бұзбау ескерілуі тиіс.

5.1.6 Қалалық және ауылдық елдімекендердің бас жоспарын жасауда олардың экономика-географиялық, әлеуметтік, өндірістік, тарихи-архитектуралық және табиғи потенциалын ескеру қажет.

Бұл үшін:

- елдімекендердің әкімшілік статусын, тұрғындардың болжалды санын, экономикалық базасын, агломерция жүйесіндегі орналасуы мен әлеуметтік маңызын, табиғат-климаттық, әлеуметтік-демографиялық, ұлттық-тұрмыстық және тағы да басқа жергілікті ерекшеліктерін ескеру;

- қала мен қала маңы аумағының кешенді бағалануы, ондағы ресурстардың (табиғи, су-энергетикалық, еңбек, рекреациялық) тиімді пайдаланылуы, экономикалық базасының, қоршаған орта жағдайының өзгеру мүмкіндігін және оның тұрғындар өмірі мен денсаулығына әсерін, әлеуметтік-демографиялық жағдайды, тұрғындардың мемлекетаралық, аймақаралық көші-қон мәселесін ескеру;

- елдімекендер мен оларға жақын территориялардың экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларының жақсаруын болжау, тарихи-мәдени мұраларды сақтау, өрт қауіпсіздігін және басқа да арнайы талаптарды ескеру;

ҚР ҚН 3.01-01-2013

- елдімекендердің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелерін алға қоя отырып, оларды дамытудың тиімді жолдарын анықтау;

- жылжымайтын мүлік нарығы дамуының перспективасын, территориялардың мемлекеттік емес нивестицияларды игеру мүмкіндігін ескере отырып, сол қалалық және ауылдық елдімекендердегі жер телімдерін жеке немесе заңды тұлғаларға сату, не жалға беру құқығын ескеру.

5.1.7 Елдімекендердің жоспарлық құрылымында тұрғын үй, қоғамдық немесе аралас, өндірістік-іскерлік құрылыстарды салудың төмендегідей құрылымдық-жоспарлық элементтерін көрсету керек:

- квартал (кварталдар тобы);
- мөлтек аудан (мөлтек аудандар тобы);
- аудан (ірі және үлкен қалаларда болады);
- сәулет ансамбльдері мен қала құрылысы кешендері.

Ландшафты-рекреациялық территориялар құрамында 8 бөлімде көрсетілген талаптарға сәйкес жоспарлау элементтерін көрсету қажет.

Тиімді пайдалану сипатын, құрылымдық-жоспарлық элементтер санын, олардың шекаралары мен өлшемдері жобалау тапсырмаларында анықталуы тиіс.

5.1.8 Қала құрылысын және басқа да елдімекендерді жоспарлау мен салуда олардың функционалдық мақсаттағы басымдықтарын, жопарлы өлшемдерін және басқа да жоспарлы тыйымдарды көрсете отырып территорияны қоршау қажет. Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңға сәйкес қала құрылысын жүргізудің функционалдық аймақтары белгіленеді:

- тұрғын үй аймақтары;
- қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) аймақтар;
- рекреациялық аймақтар;
- инженерлік және транспорттық инфрақұрылымдық аймақтар;
- өндірістік (өнеркәсіптік) аймақтар;
- ауылшаруашылығы мақсатындағы аймақтар;
- арнаулы мақсаттағы аймақтар;
- режимді территориялар аймағы;
- қала маңы аймағы;
- санитарлық-қорғау аймақтары;
- резервтегі территориялар (қала құрылысы ресурстары);
- арнайы қала құрылысын реттеу аймақтары.

5.1.9 Қала құрылысының функционалды аймақтарының шекарасы елдімекендердің құрылысын жоспарлау мен салуда мынадай жағдайларды ескеруі қажет:

- территориялардың функционалды пайдаланылуы мен қалыптасқан жоспарлары;
- елдімекеннің бас жоспарында көрсетілген қала құрылысын салудың функционалдық аймақтарының өлшемдері, олардың жоспарға сәйкес дамуы;
- бір аймақ шеңберінде әртүрлі жоспарлы территориялардың бірлесіп пайдаланылу мүмкіндігі;

- әртүрлі категориядағы жерлер шекараларының өзгерістерін ҚР ҚН 3.01-00 негізінде территориялардың дамуына арналған құжаттарға сәйкес жоспарлануы қажет.

5.1.10 Қала құрылысын салудың функционалды аймақтарының шекарасы төмендегідей мәселелерге байланысты бекітіледі:

- инженерлік коммуникациялардың, көшелер мен өткелдердің қаама-қарсы бағыттағы транспорттардың легін бөлетін магистральды сызықтары;

- қызыл сызықтар;

- жер телімдерінің шекарасы;

- әкімшілік-территориялық бөлініс шеңберіндегі елдімекендердің шекарасы;

- әкімшілік-территориялық бірліктер шекарасы;

- табиғат нысандарының табиғи шекаралары;

- басқа да шекаралар

5.1.11 Қазақстан Республикасының заңдарына[3,4] сәйкес бекітілген территорияны пайдаланудың ерекше шарттары бар аймақтардың шекарасы, мәдени мұра нысандары орналасқан территориялардың шекарасы қызмет ету аймағы шекараларымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Тарихи, әдени немесе қорғалатын ландшафттық нысандар бар елдімекендерде тарихи құрылыс салу аймақтарын бөліп көрсету қажет.

5.1.12 Қала құрылысын салудың функционалды аймақтар құрамы, сондай-ақ олардың шеңберінде жер телімдерін пайдалану ерекшеліктері қала құрылысын салу регламентімен, нормаларымен, ережелерімен анықталады, қала құрылысын салу, жер, табиғатты қорғау, санитарлық және тағы да басқа [1,4] арнайы нормативті актілермен шектеледі.

Жергілікті атқарушы органдардың жалпы қолданыстағы жерлерді пайдалану тәртібі қала құрылысын салу заңдылықтарымен [1] және Қазақстан республикасының жер кодексімен реттеледі.

5.1.13 Қала құрылысының функционалды аймағын анықтауда және қала құрылысы регламенттерін бекітуде олардың шеңберіндегі жер телімдерін пайдалануда қала құрылыс қызметіне қойылатын арнайы басқарылатын аймақтарда бекітілген шектеулер ескерілуі тиіс. Олардың ішінде тарихи құрылыс салу аймақтары, тарихи-мәдени қорықтар, тарихжәне мәдениет ескерткіштерін қорғау аймағы, ерекше қорғалатын табиғат территориялары аймағы, оның ішінде, саниртарлық, таулы-санитарлық қорғау округі, санитарлық-қорғаныс аймақтары, суды қорғау аймақтары мен белдеулер, пайдалы қазбалар аймақтары, табиғы және техногендік сипаттардағы (жер сілкінісі, сең жүру қаупі, су алу және суда қалу, қазба жұмыстары жүріп жатқан және топырағы отыратын аймақтар) құрылыс салуға тиімсіз аймақтар.

5.1.14 Өндірістік және басқа да нысандары бар қоршаған ортаны қорғау қызметін атқаратын санитарлық-қорғаныстық аймақтар сол нысандар орналасқан қала құрылысының функционалды аймақтарына жатады. Санитарлық-қорғаныстық аймақтарды пайдаланудың шекті мөлшері су ресурстарын қорғау заңдылықтарына, осы нормативті құжатқа, өндірістік нысандарды жобалауға[6] арналған санитарлық-эпидемиологиялық ережелерге сонымен қатар жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарының келісіміне сәйкес.

5.1.15 Қауіпті және апатты табиғат құбылыстарына (жер сілкінісі, селдер, су тасқыны, сең жүру) бейім аудандарда елдімекендер территориясын белгілеуде қауіп

ҚР ҚН 3.01-01-2013

дәрежесінің ең төменгі мөлшеріне сай әрекет етілуі керек. Қауіп деңгейі ең жоғары аймақтарға қауіп төнген жағдайда тез қимылдау мүмкіндігі бар, оларды тез көшіре алатын саябақтар, демалыс парктерін, ашық спорт алаңдарын және басқа да адамдар көп әрі ұзақ уақыт болмайтын нысандарды орналастыру қажет.

7,8,9 баллдық сейсмикалық аймақтардағы елдімекендер территориясын белгілеуде сейсмикалық микроауданда есебін ескеру керек.

Құрылыс салынатын инженерлі-геологиялық жағдайлары күрделі аудандарда ең алдымен, инженерлік дайындыққа, құрылысқа, ғимараттарды пайдалануға аз қаражат жұмсалатын жер телімдерін пайдаланылуы тиіс.

Елдімекен территориясын пайдалану немесе жобалық пайдалану балансын құрастырғанда осы нормативті құжаттың 5.1.9 бөлімінде көрсетілген территорияларды аймақтарға бөлуді және Қазақстан республикасының жер кодексінде анықталған жерлердің категорияларын және қала құрылысын салудың функционалдық аймақтарын бөлуде негізге алу қажет. Елдімекен территориясын пайдалану немесе жобалық пайдалану балансы құрамында республикалық, аймақтық және басқа да әкімшілік-территориялық маңызы бар мемлекеттік меншіктегі нысандар орналасқан жерлер мен осы қала құрылысын салу мен жер кадастрлеріндегі [2,3] мәліметтермен байланысты жеке меншік жерлерін бөлу керек.

5.1.16 Қалалық және ауылдық елдімекеннің жоспарлы құрылыман төмендегі мәселелерді ескере отырып қалыптастыру қажет:

- қала құрылысының функционалдық аймақтарын олардың өзіндік құнын ескере отырып, өзара байланыста, ықшамдап орналастыру;

- территорияларды қоғамдық орталықтар мен инженерлік инфрақұрылымдар жүйесімен байланыста аймақтарға бөлу және құрылымдық бөлшектеу (тиімді аудандарға бөлу);

- жер телімдерінің көлемі, құрылыстардың рұқсат етілген тығыздылығы мен қала құрылысын салудың бағалылығына қарай территорияларды пайдалану;

- архитектура-қала құрылысын салу дәстүрлерін кешенді есепке алу, жергілікті жерлердің табиғи-климаттық, ландшафтық, ұлттық-тұрмыстық, тарихи-мәдени, этнографиялық және басқа да ерекшеліктерін ескеру;

- өмір сүру жүйесінің тиімді қызмет етуі мен дамуы мен жылу-энергетикалық және су ресурстарын үнемді пайдалану;

- қоршаған орта мен мәдени-тарихи ескерткіштерді қорғау;

- табиғат ресурстары мен жер асты байлықтарын сақтау және тиімді пайдалану.

Сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда қалалардың жоспарлық құрылымын бөлуде басты назарды өрт қауіпсіздігі мен жарылыс мүмкіндіктерін болдырмайға аудару қажет.

Тарихи, мәдени немесе ландшафтық нысандары бар елдімекендерде олардың тарихи жоспарлы құрылымдары мен өзіндік архитектуралық келбетін, масштабын, тарихи аймақтарды реконструкциялау мен регенерациялаудың кешенді бағдарламалары мен жобаларына және 15 бөлімдегі талаптарға сәйкес сақтау қажет.

Ауылдық елдімекен территориясын ұйымдаструда ауылдық-әкімшілік территориялық бірліктердің функционалдық және жоспарлық ұйымдасуын ескеру қажет.

Қалалық және ауылдық елдімекендерде құрылыс салуды жоспарлау мен жүргізу кезінде мүгедектер мен басқа да тұрғындардың аз жұмылдырылған топтарына әлеуметтік нифрақұрылымға ХҚН 3.02-05 талаптарына сәйкес, кедергісіз бара алу жағдайларын жасау қажет.

5.1.17 Аса ірі және ірі қалаларда жер асты кеңістігін кешенді пайдалану мақсатында оларда өзара байланыстағы қалалық транспорт құрылыстарын, өндірістер мен сауда, қоғамдық тамақтану мен коммуналды-тұрмыстық қызмет көрсету, ойын-сауық және спорт орындары мен көмекші мекендер, әкімшілік, қоғамдық және тұрғын үй ғимараттары мен инженерлік құралдар жүйесі нысандары, түрлі мақсаттағы өнеркәсіптік және қоймалық нысандарды тиімді орналастыру керек.

Барлық қала құрылысының функционалды аймақтарындағы жер асты кеңістіктерінде мұндай нысандарды орналастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген осындай нысандарға қойылатын санитарлы-эпидемиологиялық, экологиялық және өртке қарсы қауіпсіздік шараларын сақтау міндетті.

5.1.18 Елдімекендерде сыртқа жарнамалар Сыртқы жарнамалар Ережелеріне сәйкес орналастырылады.

5.1.19 Тұрғын үйлердегі жекелеген спутниктік, эфирлік қабылдау құрылымдары құрылыс салудың жергілікті ережелеріне сәйкес орналастырылады.

5.2 Елдімекен территорияларындағы қала құрылысын кешенді қайта жаңғырту

5.2.1 Жоспарлы құрылымды қайта ұйымдастыру

5.2.1.1 Елдімекендердің жоспарлы құрылымын қайта құруды урбанизацияланған территориялардың: түрлі санаттыға көшелер, негізгі транспорттық күре жолдардың жиегіне орналасқан, көгалдандырылған белдеулер мен су акваторийлері, табиғи ландшафтары бар жоғарғы тығыздылықтағы тұрғын үй, өндірістік және қоғамдық құрылыстар жоспарлық каркас негізінде оптимальды сәйкестігі есебінен қалыптастыру қажет.

5.2.1.2 Елдімекендердің жоспарлы құрылымын қайта құруды төмендегідей жағдайлар негізінде жүзеге асыру керек:

– елдімекендер шекарасы мен қала маңы аймағы территориясында функционалды аймақтың теңестірілген дамуы;

– территориялық ресурстарды тиімді пайдалану есебінен елдімекендерді жобалауды рационалды ұйымдастыру;

– тұрғындардың аз жұмылдырылған топтарының түрлі қажеттіліктеріне жауап беретін тіршілік қызметі ортасын жасау;

қоршаған ортаны қорғау, тұрғындарды, территорияны төтенше жағдайлардан сақтау, бейбітшілік және соғыс жағдайында тарихи-мәдени құндылығы бар нысандарды қорғау іс-шараларын жасау.

5.2.1.3 Елдімекендердің жоспарлы құрылымын қайта құруды урбанизацияланған территориялардың: түрлі санаттыға көшелер, негізгі транспорттық күре жолдардың

жиегіне, темір жол бойында, электртасымалдау линиялары мен көгалдандырылған белдеулер мен су акваторийлері, табиғи ландшафтары бар ландшафты-рекреациялық территорияларда орналасқан, жоғарғы тығыздылықтағы тұрғын үй, өндірістік және қоғамдық құрылыстар жоспарлық каркас негізінде оптимальды сәйкестігі есебінен қалыптастыру қажет.

5.2.1.4 Тарихи қалыптасақна елдімекендерде қала құрылысы мәдениетінің ұлттық ерекшеліктері мен дәстүрлерін сақтау мақсатында архитектуралық келбет пен жоспарлы құрылымды тарихи аймақтарды реконструкциялау мен регенерациялаудың кешенді бағдарламалары мен жобаларына және 15 бөлімдегі талаптарға сәйкес сақтау қажет.

5.2.1.5 Ірі және үлкен қалаларда олардың территорияларын жобаланған мерзімде теңестірілген әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында келесі жобалық аймақтарды бөліп көрсету қажет: қала мен қала маңы аумағындағы орталық, орта, шеткі аймақтар.

5.2.1.6 Жаңа құрылысқа территория таңдау кезінде елдімекендердің қалыптасқан құрылымдық-жоспарлық ұйымдастырылуын ескеріп, қазіргі таңда бар инженерлік, транспорттық және әлеуметтік нифрақұрылым мүмкіндіктері мен жылу-энергетикалық, су ресурстары бар екендігі, қоршаған орта жағдайы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың түрлері мен пада болу мүмкіндігі, өрт сөндіру бөлімдерінің орналасқан аймақтан қашықтығы назарда болуы тиіс. Елдімекеннің шағын жоспарлық құрылымын дамыту ең бірінші кезекте қала аймағының перспективалы шекарасында бар бос территориялармен қамтамасыз етілуі керек.

5.2.1.7 Қала маңы шекарасын әрбір нақтылы жағдайда елдімекеннің перспективалық дамуы, оған тұрғындарды орналастыруға байланысты анықталып, оның территориясының функционалды пайдаланылуы мен онымен шекаралас әкімшілік аудандардағы жер ресурстарының табиғи кешенінің жағдайы Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне сай жүзеге асады.

5.2.1.8 Ірі және үлкен қалалар маңы шекарасында қала шаруашылығының қызметін жүзеге асыратын тұрғын үй, өндірістік, қоғамдық құрылыстарға, көгалдандырылған жерлерге арналған территорияларды сақтап қою керек.

5.2.1.9 Қала маңы аймақтарын жоспарлау мен оларға құрылыс салуда:

– бұрыннан бар елдімекендерді дамытуға арналған абаттандырылған қала құрылысы жағдайлары, ауыларалық транспорттық және инженерлік желілер мен құрылыстарды пайдалану, ауылдық, орман, су шаруашылықтарын тиімді ұйымдастыру, ландшафты-рекреациялы қолданыстағы нысандарды көшіру

– елдімекен мен оның табиғи аумағын тұрақты дамыту мақсатында экологиялық тиімді жағдайлар жасау;

– қаланың шаруашылық қызметінен оның айналасындағы аудандарға келетін зиянды мейлінше төмендету;

– қала мен оның айналасындағы аудандардың тарихи және инженерлік ресурстарды бірлесе отырып тиімді пайдалануын қамтамасыз етуі тиіс.

Функционалды аймақтар территорияларының реконструкциясы

5.2.1.10 Функционалды аймақтар реконструкциясы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, елдімекендерде қалыптасқан әлеуметтік, инженерлік және

транспорттық инфрақұрылымдарды пайдаланудың тиімділігін арттыратын тұрғынжай, қоғамдық және өндірістік-іскерлік территориялар арқылы жүзеге асыру керек.

5.2.1.11 Функционалды аймақтар реконструкциясына байланысты іс-шаралар үлес салмағы жоғары әбден ескірген, тұрғын үйлерінің, қоғамдық және өндірістік-іскерлік қорының (ескі, жылу-энергетикалық ресурстарды шамадан тыс қолданатын, ғимараттар мен құрылыстардың температура-ылғалдылық режимдері бұзылған) техникалық жағдайлары нашар аймақтық және қалалық бағдарламаларға сәйкес жоспарлануы тиіс.

5.2.1.12 Тарихи-мәдени құндылықтары жоғары нысандары бар елдімекендерді олардағы нысандардың сақталу деңгейін анықтай отырып, тарихи құрылыс аудандарын құрылымдық-жоспарлау ерекшеліктерін, қазіргі заманға лайықты қолданысын, әлеуметтік, инженерлік, транспорттық қызмет көрсету жүйесін қайта жаңғырту қоршаған орта жағдайын жақсарту, құрылыстың архитектуралық-көркемдік келбетін 15 бөлімге сәйкес сақтап функционалды аймақтар реконструкциясын жасау керек.

5.2.1.13 Функционалды аймақтар реконструкциясын қазіргі таңда бар тұрғын үйлер мен қоғамдық, өндірістік ғимараттар, инженерлік-транспорттық инфрақұрылым, бір уақыттық қайта ұйымдастыру мен инженерлік құрал-саймандардың пайдаланылуы негізінде жүзеге асыру қажет.

5.2.1.14 Елдімекендердің функционалды аймақтары реконструкциясына қатысты іс-шараларды жоспарлауда аяқталған жоспарлық элементтер (модульдер) тұрғын үй, қоғамдық немесе өндірістік-іскерлік құрылыстарды ескеріледі.

5.2.1.15 Функционалды аймақтарды дамыту шарттарының бағасы негізінде кешенді қала құрылысын реконструкциялау үшін келесі талаптар мен тыйымдарды бекіту қажет:

– түрлі функционалдық мақсаттағы жоспарлы элементтерді тиімді пайдалану негізінде территориялардың функционалдық мақсаттағы өзгерісі мен сақталу дәрежесі анықталады;

